

<i>Кіші топ</i>	ЦИКЛОГРАММА				
<i>Апта нөмірі</i>	№6				
<i>Күндері</i>	04 - 08.10.2021				
<i>Өтпелі тақырыптың атауы</i>	Күз сыйы / Дары осени / The gifts of autumn				
<i>Мекеменің атауы, тобы</i>	Бөбек лүпілі жеке меншік балабақшасы				
<i>Педагогтің аты-жөні</i>	Далабаева М Қ				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру. Әңгімелесу: "Ата-ананың баланың балабақшадағы өтілген тақырыптары туралы хабардар болуының маңызы", "Балаға күз туралы қарапайым тақпақтарды жаттату және жаттығуларды жасату", "Баланың қандай жеміске не көкөніске деген аллергиясы жөнінде".				
Ата-аналармен әңгімелесу.					
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарында әдемі себептерге (қораптарға) жиналған жемістер мен көкөністердің бөлмеге сән беретінін түсіндіру; сөренің шаңын сұрту үлгісін көрсету.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарында әдемі себептерге (қораптарға) жиналған жемістер мен көкөністердің бөлмеге сән беретінін түсіндіру; сөренің шаңын сұрту үлгісін көрсету.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарында әдемі себептерге (қораптарға) жиналған жемістер мен көкөністердің бөлмеге сән беретінін түсіндіру; бананның нақпішініндегі шаңын ылғалды жұберекпен сұртудің қажетті әрекет екендігін іс-тәжірибеде көрсету (банан жылтыр, таза).	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарында әдемі себептерге (қораптарға) жиналған жеміс-көгеністердің шаңын ылғалды жұберекпен сұрту үлгісін көрсету; ойыншықтардың бөлмеге сән беретінін түсіндіру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктер тұрған ыдыстарындағы топырақтың құрғақ болуына көңіл аудару; өсімдіктерді күтуде суарудың маңызын іс-тәжірибеде көрсету; адамдар жеміс ағаштарын күтсе, дәмді жемістердің өсетінін түсіндіру.
Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	Алма нақпішіндерімен ойнату. Мақсаты. Балаларда тақпақты айтқызу арқылы алма туралы, пішіні дөңгелек заттар туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыра бастау, тілін, жаттығуларды жасауда жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру. Қызыл алма дөңгелек, Алтын күн де дөңгелек, Басым менің дөңгелек, Добым ол да дөңгелек.	Қияр нақпішіндерімен ойнату. Мақсаты. Балаларға тақпақты айтқызу арқылы қияр туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыра бастау; жаттығуларды жасау арқылы жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру. "Қияр" (орыс халқының тақпағы). Қияр, қияр, шет-тысқа Бара көрме, желігіп: Жеп қояды бір тышқан Құйрығыңды кеміріп. Х. Ерғалиев, М. Өлімбаев	Сары банан нақпішіндерімен ойнату. Мақсаты. Балаларда тақпақты айтқызу арқылы банан туралы, пішіні сопақша заттар туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыра бастау, тілін, жаттығуларды жасауда жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру. Құралдар: тақпақтағы заттардың нақпішіндері немесе суреттері. - Сары банан сопақша, Шұжық еті сопақша, Тәтті сәбіз сопақша, Таяқша да сопақша.	"Көкөністер" дамытушы ойыны. Мақсаты. Балаларға көкөністерді айтқызуға ынталандыру, нақпішіндерін сипату арқылы түйсігін дамыту, есте сақтауға баулу. Құралдар: көкөністердің нақпішіндері. - Міне, дәмді көкөністер, Күзге дейін пісіп өскен: Картоп, пияз, қызанақ, Қияр, орамжапырақ, -Тамаша. Жарайсыңдар!	"Жемістер" дамытушы ойыны. Мақсаты. Балаларға жемістерді айтқызуға ынталандыру, нақпішіндерін сипату арқылы түйсігін дамыту, есте сақтауға баулу. Құралдар: жемістердің нақпішіндері. - Ал баубақшада жемістер, Қызарып, толып піскен: Алхоры, өрік, алма, Алмұрт, апельсин, құрма.
Таңғы жаттығу (5мин)	Кешенді жаттығулар				
Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Тамақтану рәсіміне деген қызығушылықты қатыптастыру. - Алақай! Алақай! Барамыз дастарқанға қарай: Ботқамыз дәмді, аппақ, Болмаймыз сатпақ. Қасықпен алайық, Асықпай асайық, Д. Ахметова				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулар				

Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған оқу қызметіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. "Біз шалқандай өстік". Балаларды шоқайтып отырғызып, жаттығуды бастауға болады. - Біз шалқандай өстік (орындарынан тұру), Күнге қолды создық (жоғары созылу). Желге қолды бұлғадық (қолдарды бұлғау), Қайта жерге отырдық (қайта отыру).				
Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Сурет салу. "Алма". Мақсаты. Балаларды қылқаламды үш саусақпен ұстап, түгін бояуға малып, қағаз бетінің ортасына ұшымен бір нүктеден бастап, шеңбер бойымен сызық жүргізіп, бастаған нүктеге жеткізіп, дөңгелек пішініндегі үлкен алманы салып шығуға үйрету; қылқаламмен салынып жатқан "сызықты" бақылап отыруға машықтау; сурет аяқталған соң қылқаламды тіреушеге тіреп қоюға жаттықтыру; алманың қызыл болып пісетіні туралы ұғымдар қалыптастыру. "Дананың сарқытынан ауыз тиейік". Дене шынықтыру. "Еңбектеп жеміс жинайық". Мақсаты. Балаларды қатар қойылған заттар арасымен еңбектеуге үйрету; еңбектеу жаттығуларын жасауға деген бейімділіктерін қалыптастыра отырып, еңбектеудегі дене қимыл ерекшеліктерін меңгерту. Заттар арасымен еңбектеу қабілетін дамыту; еңбектеу техникасын үйретуде жаңа қимылдармен таныстыру;	Көркем әдебиет. "Шалқан" ертегісі". Мақсаты. Балаларды "Шалқан" ертегісі желісімен таныстыра отырып, мазмұнын зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету; кейіпкерлердің сөздерін айтуға жаттықтыру; шалқан туралы жалпы мағлұматтар беру. Балалардың тілін, зейінін, қабылдау қабілеті мен есте сақтауын дамыту. "Не жасырдым?" <i>жаттығуы.</i> Музыка. "Күз сыйлаған топ-топ". Мақсаты. Балаларға тұлпар туралы әнді тыңдатып, сипаты туралы түсінік беру; кейіпкерлер арқылы музыкалық шығарманың мағынасын түсіну қабілетін қалыптастыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды әуенге сай үйлесімді жасай білуге жаттықтыру. "Қандай аяқ киім?" <i>дидактикалық ойыны.</i>	Құрастыру. "Күздік алмаларға қорапша". Мақсаты. Балаларды құрылыс материалы кірпіштен қорапша құрастыруға үйрету; кірпішті көлденең және қатар қоя білу қабілеттеріне дағдыландыру; педагогтің үлгісіне сай жемістерге қорапша жасауға жаттықтыру. Балаларды кірпіштің қасиеттері мен ерекшеліктерін қабылдау мүмкіндіктерін арттыру; қолдарының ұсақ моторикасын, байқағыштығы мен зейінін, түйсіну қабілетін дамыту. "Жеміс пен көгөністерге қорапша" <i>іс-тәжірибе жаттығуы.</i> Дене шынықтыру. "Құмырсқалар секілді еңбектенеміз". Мақсаты. Балаларды қатар қойылған заттар арасымен еңбектеуді қайталау; еңбектеу жаттығуларын жасауға деген бейімділіктерін қалыптастыру; еңбектеудегі дене қимыл ерекшеліктерін меңгерту; заттар арасымен еңбектеу қабілетін дамыту; жаңа қимылдарды қайталау; балалардың тілдік қоры мен эмоциялық көңіл күйлерін дамыту; балаларды	Жаратылыстану. "Жапырақтар". Мақсаты. Балалардың жапырақтар туралы түсініктерін кеңейте отырып, жаңа материалды қабылдау қабілетін, тілін, түйсігін дамыту. "Жапырақты жинайық" <i>ойын рефлексиясы.</i> Дене шынықтыру. "Еңбектейік, ерінбейік". Мақсаты. Балаларды еңбектеу жаттығуларын жасауға деген бейімділіктерін арттыру; қатар қойылған заттар арасымен еңбектеуді қорытындылау; еңбектеудегі дене қимыл ерекшеліктерін, заттар арасымен еңбектеу қабілетін дамыту; балалардың тілдік қоры мен эмоциялық көңіл күйлерін дамыту; балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу. "Еңбектеп жеміс жинайық" <i>ойыны.</i>	Музыка. "Тұлпарым". Мақсаты. Балаларға тұлпар туралы әнді танып, жағымды эмоциоланды жауап беруге ынталандыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды әуенге сай үйлесімді жасай білу қабілеттерін жетілдіру.
балалардың тілдік қоры мен эмоциялық көңіл күйлерін дамыту. "Еңбектеп жеміс жинайық" <i>ойыны.</i>					
			шапшаңдыққа тәрбиелеу; қауіпсіздік техникасы мен тазалық ережелерін сақтауға баулу. "Жыландар" <i>ойыны.</i>		

Серуен	Сары жапырақтарды бақылау. Мақсаты. Балалардың көңілін сары жапырақтарға аудару, жапырақтардың жерге түсу құбылысын байқату; күз құбылыстары жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; зейінді, ойлау қабілетін дамыту. Ұшты талдан жапырақ Сары көбелек секілді. Аспанда жай шатырлап, Тамшы жерде секірді. М. Әлімбаев Балаларға көркем сөздер жолдарында бейнеленген жапырақтарды ағаштан көріп, жерге түсетінін байқауға қызықтыру. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Құмалақтар" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды бір топтасқан жерден сигнал бойынша жан-жаққа шашырап бағыттай білу дағдыларын қалыптастыру. - Табақшада жатты құмалақтар, Барлығы бірдей, доп-домалақтар. Марғау құмалақтарды шашты, Құмалақтар жан-жаққа домалаңдап қашты. "Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. Мақсаты: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу.	Көк аспанды бақылау. Мақсаты. Балаларға, педагогке еліктеу арқылы, аспан мен ауаның қасиеттеріне жалпы қызығушылық тудыру. Аспанымыз көгілдір, Ауамыз мөп-мөлдір. Аспанды тамашалаймыз, Ауамен демаламыз. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды гүлзарды құрап қалған жапырақтардан тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; әсемдікке деген қызығушылықты арттыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Сәбіз бақшада өскен" ойыны. Мақсаты. Балаларға педагогтің соңынан тақпақтағы сөздерді ілесіп айтып, қимылына еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларды дамыту. - Сәбіз бақшада өскен, (аяқ ұшына тұру, қолдар жоғары) Жүйекте отыр, терең. (шоқайып отыру) Көрінбейді, тоқсары, (шоқайып отыру, алақандармен төбені жабу) Жер бетінде - сабағы. (қайта аяққа тұру) Еңкейіп, қане, жұлайық, (алға төмен еңкею) Жұлып-жұлып, отырайық. (басылып отыру, аяқтарды тік созу, маңдай терін сүрткен сияқты, қолмен қимыл жасау, демалу) Д. Ахметова "Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. Мақсаты: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. Далаға алып шығатын материалмен ойындар. Мақсаты: бірге, тату ойнауға, ойыншықтармен бөлісуге үйрету.	Бұлтты аспанды бақылау. Мақсаты. Балаларға бұлтты құн райы туралы ұғымдар беру, аспанның түсі көгілдір емес, сұр екенін байқату, бұлттар сұрланып тұрса, жаңбыр жауатынын байқату. Жаңбыр жауса қалаға, Алыс жатқан ауылға, Су толады шалшыққа. Кім шыдайды суыққа? Там-там-там, Там-там-там, Соққылайды шатырға. Там-там-там, Там-там-там. Кім шыдайды суыққа? Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхананы құрғақ жапырақтардан тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. Мақсаты. Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту; жаңбыр құбылысы туралы білімдерін қалыптастыру. - Күн шықты – балалар ойнады. - Күн тығылды – жаңбыр жауды. "Өткеншек" қимылды ойыны. Мақсаты: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру. Бір жоғары, бір төмен, Күні бойы тербелем. Өткеншек-ау, өткеншек, Айнала бер бізбенен.	Желді бақылау. Мақсаты. Балаларды, жапырақтарға қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Саябаққа күз келсе, Жел дамылсыз соғайды. Тыным бермей ешкімге, Жұлқылайды бөрінде. Үзіп жатыр, Жұлып жатыр Барлық сары жапырақты. Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Бау-бақшаға барайық" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды бір бағытта жүріп, бағыт бойынша бұрылып, айтылған сөздерге сай еліктеу қимылдарды жасауға ынталандыру. Педагог көркем сөздерді бастайды, балаларды өзімен бірге бағыттайды. - Бау-бақшаға барайық (сап түзеп, әндету), Жан-жаққа қарайық (қолды белге қойып, екі жаққа денемен бұрылу). Жұлып алып алманы (екі қолды жоғары созу, аяқ ұшына тұру). Қорапшаға салайық (отырып, қайта тұру). Д. Ахметова "Өз орныңды тап" қимылды ойыны. Мақсаты: балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.	Ағаштарды бақылау. Мақсаты. Балаларды қоршаған ортадағы ағаштармен таныстыру, ағаштардың сары жапырақтары желпілдеп, жайқалып жатқанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту. - Жанымызда биік ағаштар, Бұталарында жапырақтар. Ағаштар тік тұрады, қозғалмайды, Жапырақтарымен бізге бұлғайды. - Балалар, ал қазір ағаштардың жапырақтарына не болды? - Иә, жапырақтар сарғайды, жерге түсті. - Күзде біз жеміс ағаштарынан піскен алманы жинаймыз. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Алмалар шашылды" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды көркем сөзге жағымды эмоциялық жауап беруге және белгілі сөздерден кейін (сигнал төрізді) жан-жаққа жүгіруге талпындыру; алманың жеміске жататынын, күзде пісетіні туралы ұғымдар қалыптастыру. - Балалар, күзде жеміс ағаштарында, бау- бақшада алмалар да піседі. - Қанекей, піскен алмаларды жинайық. Педагог балаларды өзімен бірге ертіп жүріп, бір бағытта жүргізіп, белгілі сигнал сөздерінен кейін балаларға жан-жаққа жүгіруді ұсынады, алманы тергенді көрсетеді, балалар еліктейді, тоқтап, шоқайып отырып, қайта тұрып, ары қарай бағыттайды. - Алма бақта көп алма, Қызыл алма, көк алма. Күз келді, тез жинаңдар, Кеш қалып қалмаңдар. Д. Ахметова "Шеңберден шықпа" жаттығуы. Мақсаты: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйемен шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				

Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу;				
Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары	Ауа ванналары. Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға деген қызықтыру. "Мөлдір су" (орыс тілінен аударма). Мөлдір су, мөлдір су! Сен менің бетім жу. Отты көзім ойнасын, екі бетім жайнасын. Күлкі кетпей ернімнен, Тісім тастан таймасын! Х. Ерғалиев, М. Өлімбаев				
Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Ойындар, жеке дара іс-әрекет (сюжетті-рөлді, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары)	"Сәлем!" мультфильмін көру. Мақсаты. Балалардың эмоцияларын жетілдіру; ересек пен топтастар жанында жүріп, ортақ жағымды көңіл-күйге бөленуіне мүмкіндік жасау.	"Пішіндер алқасы" дамытушы ойыны. Мақсаты. Балаларды көрсетілген үлгіге қарап, геометриялық пішіндерден өздеріне де сондай тізбекті құрастыруға ынталандыру; геометриялық пішіндер туралы ұғымдарды тиянақтау, есте сақтау қабілетін, көзбен қабылдау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; өзі жасаған нәтижені көріп қуануға баулу. - Балалар, ал қазір сендер мына тібекте пішіндер қалай орналасқанына қарап, өз кілемдеріңе солай саласыңдар. Педагог әрбір балаға бөлек пішіндер тізбегін ұсынады. қызыл үшбұрыш + көк үшбұрыш + сары үшбұрыш + жасыл үшбұрыш қызыл домалақ + көк домалақ + сары домалақ + жасыл домалақ қызыл шаршы + көк шаршы + сары шаршы + жасыл шаршы Педагог әр баланың орындау тәртібін бақылайды.	"Жармадан қамыр илейік" дамытушы жаттығуы. Мақсаты. Балаларға жарма туралы алғашқы түсініктер беру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Құралдар: шұңғыл пластик ыдыстарға егілген жармалар, сүлгілер, төсеніштер. - Балалар, қазір бір қолдарымызды мына ыдысқа салып, әжеміз сияқты қамыр илеп көреміз. Педагог балаларға қолдарын жармаға салып, баяу қимылдар арқылы жарманы саусақтармен араластыру қимылдарын жасау үлгісін көрсетеді. Балалардың жарманы алдарына төкпеуін қадағалау керек.	"Көкөністер" мультфильмін көру. Мақсаты. Балалардың эмоцияларын жетілдіру; ересек пен топтастар жанында жүріп, көкөністерді ажыратып, жаттығуларды жасап, ортақ жағымды көңіл-күйге бөленуіне мүмкіндік жасау.	"Шарды үрлеп өсірейік" шеңбер ойыны. Мақсаты. Балаларды бірігіп шеңберді құру қабілетіне үйрету; шеңберде жүріп ойын сөздерін бірге айтуға ынталандыру; тілін, жаттығуда жағымды әсерлерді алу қабілетін дамыту. Педагог балаларды жанына шақырады. - Шарды үрлеп көрейік (шеңберге тұру, қол ұстасу), Қол ұстасып, жүрейік. Ортадан артқа, артқа Шегіндік. Енді тоқта! Үлкен қылып үрледік (тоқтау), Пах! Шарымыз жарылды! (шапалақтап, сосын отыру) Пшшшшшшш... (отырып жатқанда дыбыстар шығару) Балалар педагог соңынан қимылдарды қайталап жүреді. "Пах" және "Пш" дегенді балаларға қайталатып айтқызу қажет.
Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.				
Серуен	Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар.				

Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу	Тақпақты мәнерлеп оқу. - Ұшты талдан жапырақ Сары көбелек секілді. Аспанда жай шатырлап, Тамшы жерде секірді. М. Өлімбаев	Қияр нақпішіндерімен ойнату. "Қияр" (орыс халқының тақпағы). Қияр, қияр, шет-тысқа Бара көрме, желігіп: Жеп қояды бір тышқан Құйрығыңды кеміріп. Х. Ерғалиев, М. Өлімбаев	"Күз". Қ. Мырзалиев Шашақтанып жиегі Бұлт қабағын түйеді. Жоқ шалшықсыз, Балшықсыз Жердің сынық сүйемі.	- Жаңбыр жауса қалаға, Алыс жатқан ауылға, Су толады шалшыққа. Кім шыдайды суыққа? Там-там-там, Там-там-там, Соққылайды шатырға. Там-там-там, Там-там-там. Кім шыдайды суыққа? Д. Ахметова	- Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Д. Ахметова
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Өңгімелесу: "Ата-ананың баланың балабақшадағы өтілген тақырыптары туралы хабардар болуының маңызы", "Балаға күз туралы қарапайым тақпақтарды жаттату және жаттығуларды жасату", "Баланың қандай жеміс не көкөніске аллергиясы жөнінде".				

Тексерген: Бекишева М. А.



Напечатайте что-то...